

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования**

**Өнер мектептері мен балалар көркемөнер мектептеріне
арналған «Сурет», «Графика», «Қолданбалы композиция»
пәндерінен әдістемелік нұсқаулар**

**Методические рекомендации
по предметам "Рисунок", "Графика", "Прикладная композиция"
для Детских художественных школ и школ искусств**

Астана, 2014

Өнер мектептері мен балалар көркемөнер мектептеріне арналған «Сурет», «Графика», «Қолданбалы композиция» пәндерінен әдістемелік нұсқаулар – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2014. – 109 бет.

Методические рекомендации по предметам "Рисунок", "Графика", "Прикладная композиция" для Детских художественных школ и школ искусств – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования». – Астана, 2014. – 109 с.

Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріне арналған «Сурет», «Графика», «Қолданбалы композиция» пәндері бойынша әдістемелік нұсқаулар балаларға натурадан, көз алдына елестету мен есте сақтау қабілеті бойынша сурет салуды, әртүрлі графикалық құралдарды пайдалану арқылы геометриялық денелер, натюрморттар, күрделі қойылымдар, гипстік үлгілер, тірі натуралар бойынша білімдерін, ептіліктерін және дағдыларын қалыптастыру бойынша ең үздік тәжірибелерді жалпылайды.

Методические рекомендации по предметам "Рисунок", "Графика", "Прикладная композиция" для Детских художественных школ и школ искусств обобщает лучший опыт по обучению детей рисованию с натуры, по представлению и по памяти, формированию знаний, умений и навыков с использованием различных графических средств рисования геометрических предметов, натюрмортов, сложных постановок, гипсовых моделей, живой натуры.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесінде қаралған*

(Хаттама № 7, 2 желтоқсан 2014жыл)

*Рассмотрена методическим советом Республиканского
учебно-методического центра дополнительного образования*

(Протокол № 7 от 2 декабря 2014 года)

Пікір жазған: *Ижанов Б. И, п.ғ.к., Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры*

Рецензент: *Ижанов Б. И, Казахский национальный университет искусств, профессор, к.п.н.*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2014
Республиканский учебно-методический
центр дополнительного образования, 2014

Мазмұны

Содержание

1.	Кіріспе	4
2.	Сурет- бейнелеу өнерінің түрі және оқу пәні	5
3.	Графика» пәнінің оқыту әдістемесі. Әртүрлі графикалық материалдармен жұмыстың техникалық тәсілдері	18
4.	Сәндік өнер бұйымдарын дайындау технологиясы	23
5.	Балалардың көркемөнер мектебінің және өнер мектептерінің көркемөнер бөлімдерінде негізгі арнайы пәндерді оқытуда дәстүрлі және заманауи әдістердің өзара әрекеттесуі	36
6.	Қорытынды	44
7.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	46
8.	Қосымшалар	47
1.	Введение	56
2.	Рисунок как учебная дисциплина как вид изобразительного искусства	57
3.	Методика преподавания предмета «Графика». Технические приемы работы различными графическими материалами	71
4.	Технология изготовления изделий декоративного искусства	77
5.	Взаимодействие традиционных и современных методов преподавания базовых специальных дисциплин в Детских художественных школах и художественных отделениях школ искусств	88
6.	Заключение	96
7.	Список используемой литературы	99
8.	Приложения	101

Кіріспе

Қазақстанда білім беруді жаңғыртудың басты бір міндеті жоғары сапалы білім берумен қамтамасыз ету болып табылады. Білім сапасы ұғымындағы білім үдерісі жасампаз іс-әрекетке қабілетті, қабілеттерін іске асыратын және жетілдіретін, өз қабілеттерін тұрақты меңгерген тұлғаны қалыптастыруды және дамытуды қарастырады. Балалар мен жасөспірімдердің кәсіби және әлеуметтілігін анықтауға, бейімділіктерін, қабілеттіктерін, қызығушылықтарын дамытатын балаларға қосымша білім беру жүйесінде бұл міндетті шешуде маңызды рөл болып саналады.

Еліміздегі тәжірибелі білім беру ұйымдарының бірі - балалар көркемөнер мектебі (балалар өнер мектебі) балаларға қосымша білім беру жүйесінде ерекше орын алады. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ішінде балалар көркемөнер мектебінің бірегейлігі оқу жоспарлары мен білімдік бағдарламалар негізінде қалыптасқан дәстүрлі оқыту үдерісімен белгіленеді.

Көркемөнер мектебінің неғұрлым икемді құрылымы - әрбір баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің дамуына бағытталған тұлғалық-бағдарланған, тұлғалық-детерминдірілген білім беруде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері мен уақыт талаптарына сай тез арада өзгере алады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 137 балалар көркемөнер мектебі, 31 балалар өнер мектебі жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі көркемөнер-эстетикалық тәрбие үдерісін іске асырудың мақсаттары, міндеттері, мазмұндары мен ұйымдастырулары нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі: Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы «Білім туралы» Заң, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары.

Балалар көркемөнер мектептері үлгілік оқу бағдарламалар негізінде құрастырылған және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған жұмыс бағдарламалар бойынша жұмыс істейді.

Үлгілік оқу бағдарламалар білім беру саласын оқытудағы мақсаттар мен міндеттерін, балалар көркемөнер мектептері мен балалар

өнер мектептеріне ұсынған оқыту мен тәрбиелеудегі әдістері мен формаларды, оқу пәндерін, оқу пәндерінің тақырыптарын, олардың оқыту деңгейлерін, сабақ түрлерін белгілейді.

Сурет, кескіндеме, станокті композиция, қолданбалы композиция, мүсін, бейнелеу өнер тарихы, пленэр және таңдау бойынша пән міндетті пәндер болып табылады.

Балалар көркемөнер мектебіндегі оқытудың бастапқы кезеңінде білім алушылар әртүрлі көркемөнер материалдарымен жұмыс істеу тәсілдерін, олардың қасиеттері мен бейнелеу мүмкіндіктерін меңгереді, көркемдік формадағы эмоциялық - әсерленушіліктен тәжірибе алады.

Оқытудың екінші кезеңінде (7-10 жас) өнерге деген көркемдік-коммуникативтік көзқарас, кескіндеме тілі мүмкіндіктерінің негіздері қалыптасады. Білім алушылар ойын және композициялық тапсырмаларды орындау үдерісінде бейнелеу, сәндік-қолданбалы, сәулет, мүсін өнерлеріндегі әртүрлі көркемдік құралдарымен танысады. Әрбір жаңа тапсырма баланың өз жұмысы мен өнер шеберлерінің жұмыстарының мазмұнындағы суреттелген оқиғаларға қатынасы, олардан алған әсерленушілік жаңалық ашуға жақындатады.

Оқытудың үшінші кезеңі (11-16 жас) – кәсіби алды дайындық кезеңі. Жас суретшілер академиялық суретті, кескіндемені, композицияны оқығанда бейнелеу өнердің түрлері және жанрларымен танысады, қабылдау үдерісін шығарма авторымен, мәдениетімен, өзімен ашық диалог ретінде меңгереді.

Сонымен қатар, балалар көркемөнер мектептері өз қызметтерімен интеллекті шығармашылық орта құруға дайын белсенді шығармашылық әлеуетті адамдарды дайындауды көздейді.

Сурет- бейнелеу өнерінің түрі және оқу пәні

Сурет- графика түрлері және бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің негізі. Сурет шығармашылық қызметтің дербес түрі ретінде де бола алады. Суреттің түрлері техникалық орындауда, белгілеуде, жанр мен тақырыпта өзгешеленеді.

Сурет кез келген жанрға бағыныңқы (сымбат, табиғат көрінісі, натюрморт, анималистік, тұрмыстық, тарихи жанрларға және т.б.). Сурет композициялық құралда әртүрлі бейнедегі тақырыптарды іске асырады: құрылыстық, егінді жинау, ғарыштық самғау, саяхаттар, мерекелер және т.б.с. Суреттегі нақты көркемөнердегі негізгі құрал) – сызық, қағыс, дақ. Қағыстаудың, өңнің және жарық көлеңкенің көмегімен заттардың көлемі, пішіні, сәйкестігі, сызықтық және ауа өрістіліктер беріледі. Сурет бейнелеу өнерінің дербес шығармасы бола алады. Қайта жасалған жеке парақтарға біткен суреттер) – станокты

шығармалар. Тиражды графикаға қарағанда олар тек бір данада ғана болады.

Сурет – шындықты танудың және зерттеудің құралы. Сурет салуды жады, елестету немесе қиялдау бойынша, натурадан тікелей байқау негізінде іске асыруға болады. Суретші өмірдегі әсерлерін тез орындалған нобайларда, ұзақ мерзімді суреттемелерде немесе суреттерде белгілеп қоя алады. Сурет кескіндемелік полотнолардың, фрескалардың, мозайкалардың, шынышырайлардың жасалуы дайындық кезеңі болып келеді. Сәулетші немесе әрлендіруші жобаның бастапқы түпкі ойын нобайлардағы суреттің көмегімен белгілейді. Кейде долбарлар мен нобайлардың, әсіресе егер олар көрнекті суретшілермен орындалған болса, үлкен көркемдік маңызы бар.

Сурет – бейнелеу өнерінің ежелгі түрі. Біздің күнге дейін жеткен суреттің техникалық тәсілдерінің барлық түрінің өзгешеліктері негізінен Қайта өрлеу дәуірінде қалыптасты. Сол кездің өзінде-ақ қорғасын, күміс және басқа металды қаламөзектермен (грифель), итальяндық қаламмен, графитпен, сангинмен, көмірмен, бормен, пастельмен сурет салды. Сонымен қатар сұйық материалдар: бистро, тушь, түрлі-түсті сиялар, су бояу (акварель), ақсыр кеңінен қолданылды. Суреттерді ақ және өң беретін қағазда құс пен қамыстың қауырсындарының қаламұштары көмегімен жасады. Осының бәрі суретшілердің келесі буындарына қатты ықпал еткен және көптеген көркемөнер мектептері үшін негіз болған көркемдік және техникалық тәсілдерінің ерекше байлығы мен алуан түрлілігіне қол жеткізді.

Леонардо да Винчи, Микеланджело, Гициан, Рафаэль, А.Дюрер, Рембрандт, П.Рубенс, Ж.-Д Энгр және де басқа шетелдік суретшілер суреттің тамаша шеберлері болды. Ресейде О. Кипренский, К. Брюллов, А. Иванов, П. Чистяков, И. Репин, В. Суриков, В. Серов және көптеген басқада суретшілер суреттің қас шеберлері болды. ХХІ ғ. суретшілері реалистік суреттің дәстүрлерін жалғастыруда және авангардты бағытта өткір мәнерлі сурет саласында көп жаңалықтар жасауда. Ғасырлар тереңдігіне келетін сурет өнері бейнелеу өнерінің әртүрлерінің негізінде ғана емес, сонымен қатар дербес көркем тәсіл болып есептеледі.

Суретті өнердің ең тікелей түрі деп есептеуге болады. Осы тікелейлік сіз көретінді түп-тура түсіріп салуға мүмкіндік береді, ал натурадан суреттеме шабыттандырады және өзінің жемісін береді. Фотосуреттің өскен рөліне қарамастан сурет әлі де көзбен көрген ақпараттың тікелей жеткізілуінің ең тиімді тәсілі болып қалады. Академиялық сурет көркемдік білім беру жүйесінде ең басты пән болып келеді. Сурет – бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің негізі. Ұстанатын бағытына қарамастан әр кәсіби суретшіге академиялық суретті білу керек.

Көркемдік білім беру жоғары оқу орнына дейінгі дайындықты болжайтын салаға жатады. Көркемдік жоғары оқу орындарына оқуға түскенде талапкерге тек қана Ұлттық Бірыңғай тестілеуді емес, сонымен бірге арнайы шығармашылық емтихандарды тапсыруы қажет. Оқуға түсу сынағынан ойдағыдай өту дайындық курстарын бітіру, көркемсурет мектебінде білім алу сияқты арнайы көркемдік дайындықты қарастырады. Алайда тек көркемсурет мектебінде әртүрлі техникалар туралы кең түрлі білім алуы мүмкін. Мұнда оқушы сурет, композиция, мүсін өнері, қолданбалы сәндік өнері, өнер тарихы сияқты пәндерді игереді. Алайда тек сурет суретші сауаттылығының негізі болып есептеледі.

Суретшінің кез келген жұмысы суреттен басталады. Суретке оқыту суретшінің кәсіби дайындығының маңызды бөлігін құрайды. Өнер Академиясының студенттері және арнайы ЖОО-ның студенттері нысандар құрылымын және жарық-көлеңкесіне егжей-тегжейлі қараумен көпсағаттық жұмыс-академиялық суреттерді орындайды.

Сурет – барлық пластикалық пәндердің құрайтын бейнелеу сауаттылығының негізі. Сурет – бұл суретшінің стилі мен тұжырымы, оның шығармашылық ұстанымының өрнегі. Барлық көркемдік шығармалар суретке негізделеді немесе оны болжайды. Барлығы суреттен басталады және барлығы суретке келіп тіреледі, тіпті осы сурет тек суретші мен оның көрерменінің қиялында жасалғанда немесе ашылғанда бастау алады. Сурет – бұл суретшінің шеберлік деңгейінің бастапқы көрсеткіші. Сондықтан жас суретшілердің көркемдік оқытуында осы пәннің маңыздылығын бағалау қиын.

Академиялық суреттің пән ретінде мақсаттары мен міндеттері өзіне айналадағы дүниені терең зерттеуді және шартты кеңістікте орынның жазықтығында оны бейнелеуде қажетті білімдер мен дағдыларды иеленуді енгізеді. Оның тиімділігін көп есе арттыратын оқытудың көрнекілік, дәйектілік, шамасы келушілік және ұғынымдылық қағидалары айқын сақталады.

4 сыныпты оқу кезінде тапсырма үйрету біртіндеп күрделендіреді. Қойылым ұзақтығы қысқа мерзімде кезектестіріледі.

1 сынып тапсырмасы түзу сызықтарды жүргізумен, оларды тең бөліктерге бөлумен, қағыспен танысумен басталады. Оқушылар бейнелеуді белгілі көлемде орналастыру туралы алғашқы мәліметтер алады, қаламды дұрыс ұстауды және кіші көлемді үлкенмен салыстыруды (көздеу әдісімен) үйренеді. Заттардың құрылымын зерттеуге бағытталған тапсырмаларға көп көңіл бөлінеді.

2 сыныпта заттардың құрылымы туралы білімдерін бекіту мақсатымен бірталай тапсырмалар орындалады. Тікбұрышты пішіндердің және шеңбер аясының өрістілік қысқаруы туралы түсініктер тереңдетіледі. Әртүрлі жағдайларда. Оқушылар кеңістікте

заттардың өңдік шешімімен танысады. Әртүрлі жағдайларда адам дене пішінінің сәйкестігімен танысады (долбарлар, суреттемелер.)

3 сыныпта сурет бойынша бағдарламаға жарықтың қатпарларын зерттеу енгізіледі. Шардың көлемін жарық-көлеңкенің көмегімен анықтау бойынша бастапқы мәліметтер беріледі. Адам дене пішінінің сәйкестігі мен оның йықтық белдік пен жамбастың осы сызығы бағытын ескерумен бейнелеу тәсілдерін зерттеу жалғастырылады. Адам басының суретін салу әдісімен таныстыру іске асырылады. Ішкі әлпеттегі қойылымның, көкжиектің жоғары сызығымен күрделі тұрмыстық заттардан натюрморттардың суретін салу жалғастырылады.

4 сыныпта негізінен натюрморттармен жұмыс жалғастырылады, алайда олардың орындалуына жоғары талап қойылады. Кейбір тапсырмалар бекіту үшін қайталанатын. Мысалы, гипсті бастың суреті, адамның дене пішіні. Сызықтық және ауа өрістілік туралы білімдер бекітіледі, барлық жұмыстардан барынша аяқталғандық пен орындаудың жоғары сапасы талап етіледі. Сурет балалар мен жасөспірімдердің бастапқы көркемдік білім беру жүйесінде негізгі пән болып есептеледі.

1-4 сыныптарында «Сурет» курсының негізгі міндеті-балаларды беттің екібірлік жазықтығында үшбірлікті пішінді көруге, түсінуге және бейнелеуге үйрету. Суретке оқыту – бұл кешенді дәйекті күрделінетін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді оқу тапсырмаларының жүйесі. Қозғалмайтын айналадағы дүниеден ұзақ мерзімді оқу суреті оқытудың басты дәстүрлі түрі болып есептеледі. Ұзақ мерзімді байқау мен айналадағы дүниені мұқият зерттеуге негізделген ол көрінетін заттар мен құбылыстарды, олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін шынайы жеткізуге үйретеді, қажетті қисындық және тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Оқушылар бақылау көрнекілік өрістіліктің негіздері туралы, жарық-көлеңкелік қатынастар туралы, адам мен жануарлардың пластикалық анатомиясы туралы қажетті білімдер алады. Осы уақытта олар суретпен жұмыстың жалпыдан жалқыға және жалқыдан байытылған жалпы қағидалары бойынша дәйекті жұмыстың дағдыларын алады, сонымен қатар суреттің техникалық тәсілдерін игереді, оның айқындаушы мүмкіндіктерімен (көмір, сангина, тұздық, пастель және т.б.с.) танысады. Сонымен бірге ұзақ мерзімді сурет сабақтарында суретшіге қажет қасиеттерді тәрбиелеу бойынша жұмыс жүргізіледі: «көзді қою», «қолдың икемдігін қою», «тұтас көру» қабілетін, көргенді есте сақтау және бақылау икемдігін дамыту, көз өлшемінің өткірлігі мен дәлдігін тәрбиелеу.

Сурет – бейнелеу өнерін үйрету жүйесіндегі негізгі пәннің бірі. Әлемге деген қарым-қатынасы, олардың ойлары, сезімі, суретшінің көрсетуі, оқуы, болашақ шындықты реалистік кейіптеу негізінде көркем бейнелі түрде болып көрінеді. Дербес шығармашылық жұмыс

үшін қажетті реалистік ұстанымдары жазықтықты бейненің құралы, дағды, сонымен бірге көркемөнер мәдениетінде сурет оқыту алдында ашылады, білім береді.

Суреттің мақсаты – жазықтықта бейнелеуде білім алушыларды бізді қоршаған ортамен әлемдегі олардың пішіні, көлемі, материалды жіберу арқылы үйретеді және көреді, фактуралар, олардың бір бірінің жағдайына қатысты және көзі сурет салатын жарықәуе ортада: сызық, қағыс, дақ. Оқушыларға сурет салуды үйреткенде мұғалім оқушыларға қажетті түсініктерді беру керек. Сурет ең алдымен барлық көп бейнелі қоршаған әлемнің екі өлшемді жазықтығын қағазға түсіруі. Сондықтан оқыту курсына «Натюрморт», «Интерьер», «Пейзаж», «Адамның бейнесі, жануар, құс және өсімдік» деген тақырыптар да қамтылған. Тұлғаға қарап сурет салу, жазықтық бетінде пішінді, затты орналастырудың негізгі заңдылықтарына сүйену. Осы тұлғаға қарап сурет салуды қиялдау, елестету. Мұндай дәрістерді сыныпта да, үй тапсырмасы ретінде де кең көлемде өткізу керек.

Оқу суреті өзіне дәйекті түрде қарапайым геометриялық денелердің бейнесін, жеке пән, натюрморттық әртүрлі күрделілікте, адамның дене пішіні, табиғат мүсіні, адамның басы, жануарлардың долбарлары мен нобайлары орындалады. Осыған әртүрлі графикалық материалдар (қалам, көмір, соус, сангина, ретушь, тушь, кауырсын, пастель), Суреттің композициясына үлкен мән беріледі. Суреттің курсы екі түрлі тапсырмадан тұрады: ұзақ және қысқамерзімді суреттер (долбарлар, нобайлар) «жеңілден ауырға қарай» принципінде және пәннің қиындық формасы, саны мен бейнелеу кеңістігі тәртіппен орналасқан. Суретті оқыту тар және басқа оқу пәнінің тапсырмасымен органикалық байланыста, эстетикалық тәрбиелеудің тапсырмасын шешуге себепші болады.

Сурет-бейнелеу өнерінің негізі және оның барлық түрі бола алады. Көркемөнерді оқыту жүйесінде сурет негізгі оқу пәні. Білім жүйесінде оқу пәндері «Сурет», «Кескіндеме», «Жабыстырма», «Декаративтік композиция» және «Станокты композиция» бірін-бірі толықтырады, өзара байланыста болады, әлемдік пәнді оқыту біртұтастықты қабылдауға мүмкіндік туғызады.

«Сурет» оқу пәні- бұл анықталған оқыту жүйесі және тәрбиелеу, білім мен жүйелі дамуды, ептілік пен дағдыны жоспарлы мазмұндау болып табылады. Сурет бойынша бағдарлама тұтас қатарда теоретикалық және практикалық тапсырмаларды қосады.

Бұл тапсырма қоршаған ортаны тануға және ойлауға көмектеседі, кесте түрінде бейненің дағдыларына ие болу, табиғат пішіндерінің құрылыс заңдылықтарын түсіну, қызметтің тәсілі мен оларды үйрету 4 жылға бөлінеді. Бағдарлама оқытуға бағытталған дербес шығармашылық қызметін қалыптастыруына әзірлік арқылы оқу

жетістіктерін жүйе компотентінің қатарына тұрғызу, яғни бастапқы білім көркемөнер нәтижесінің жетістігіне тиісті деңгейлерін үйретеді.

Дидактикалық талаптарға сәйкес қойылған заттар бейнелеу сауаттылықты сәтті меңгеруге жәрдемдеседі, жоғары сыныптарда – балаларды өзіндік шығармашылық жұмысқа тартады. Натюрморттың көмегімен оқу және шығармашылық міндеттерді сәтті шешу үшін ол қызықты, сондай-ақ композициялы және әдістемелік тұрғыда дұрыс жасақталған болуы тиіс. Бұл педагогикалық қағидаттар мен композиция заңдарын дұрыс үйлестіргенде мүмкін болады.

Бұл бағдарламаның басты міндеттері білім алушылардың ұлттық және әлемдік мәдениеттердің құндылықтарын түсіну және меңгеру қажеттіліктерін, эстетикалық мұраны өз бетінше тануға ұмтылыстарын дамыту болып табылады. Өзінің дербестігін түсіну, тұлғалық өзіндік даму және өзін-өзі анықтау, өз бетінше көркемдік білім алу қажеттілігі мен қабілеттілігінің болуы, көркемдік өмір құбылыстарына қызығушылық таныту. Сонымен қатар қызығушылық танытқан тақырыптар бойынша көркемдік технологияларды жаңадан өз бетінше зерттеу үшін бұрын алған түсініктерді жалпылай білу.

Зерттелетін заттардың ішінде едәуір маңызды болып табылатын көркем сурет бейненің барлық түрінде – сурет өнерінде, композицияда, өрнекте, мүсінде болады, сондықтан оған ерекше назар аударылады. Мектепте академиялық көркем сурет машықтарымен қатар суретші – сурет салушының шығармашылық жұмысы туралы түсініктер беріледі. Көркем суретпен айналысу оқушыға жобалық-зерттеу, рефлекссті және коммуникативті шеберлікті меңгеруге септігін тигізеді. Зерттеу жұмысы оқушыларға: мұғалім алға қойған практикалық тапсырмаларды тануға, оларды қалыптастыруға және мәселелерді тапсырма форматына аударуға, оларды алынған білім контекстімен ара қатынасын белгілеуге, нәтижелерге сараптама жасауға және бағалауға септігін тигізеді.

Оқытушы жаттығу барысын оқушыларда тану, коммуникативті, практикалық және шығармашылық қызметті қалыптастыруға бағыттайды. Оқу барысында балаларда байқағыштық, шығармашылық елес-қиял және өзінің бай мүмкіндіктерімен графиканың бейнелік түсінігі дамиды.

Оқушылардың көркемдік әсерлері жалпы адами, жалпы ұлттық және этномәдени құндылықтарға бағытталады.

Оқудың барлығы жасына қарай қолжетімді формада тұлғаға бағдарлы идеяларын көрсету керек. Сабақтар оқушылардың елес-қиялын оятып, дербес шығармашылық қабілеттілікті дамытып, қызықты және еліктірерлік түрде өтуі тиіс. Оқытушы өз бетінше шығармашылық жұмыс істеу үшін айқын және анық бірізділікпен балаларға қажетті оқу ақпаратын беру керек. Сұрақтар мен жауаптар

түріндегі диалогтық қарым-қатынас кез-келген көркем сурет үсті жұмыстың негізінде затты өз бетінше, саналы түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Затты зерттеу процесі бейнелеу тілінің барлық элементтерінің бөлінбейтін байланысында құрылады: конструктивті суреттің композициясы, тондық, пластикалық және кеңістікті қарым-қатынастар.

«Формат», «пропорциялар», «ырғақ», «тондық қарым-қатынастар» түсінігін ұғына отырып, оқушылардың жұмыс жүргізудің жалпыдан жекеге және содан кейін – қайтадан жалпыға жүйелілігін меңгергені маңызды.

Практикалық шеберліктері теориялық білімдерге сүйеніш болуы тиіс. Әрбір туынды шығармашылық және әдістемелік жағынан негізделу керек, өнер теорияларының негіздеріне, перспективаға сүйеніш болуы тиіс, пластикалық анатомия элементтері. Қысқа мерзімді композицияларда да, ұзақ мерзімді композициялармен жұмыста да көркем суреттердің бүтінділігі және қабылдаудың балғындығы жұмыстың соңына дейін сақталуы өте маңызды.

Оқудың барлық курсы ішінде оқушылардың көркем суреттеріне өз бетінше және ойланып өз алдына міндеттерді қоя білуіне, форматты, материалды таңдауға, бейненің мәнерлілігіне ұмтылуға, тиісті орындау техникасын пайдалануға жеткізу қажет.

Балаларды бейненің заңдарын және әдістерін классикалық, отандық және әлемдік өнер мысалдарының негізінде – форманы, тонды, пластиканы, түстерді олардың үйлесімді бірлігінде саналы қабылдау дамитын негізде ұғынуға үйрету керек. Оқушылар өздерінің туындыларын ұдайы олардың заттарымен салыстыра отырып, сыни көзқарастан сараптауға үйрену керек. Аудиторлық, үй тапсырмалары да жүйелі түрде талқылауды және сараптауды өткізіп отыру қажет.

Оқушыларда жұмыста шыдамдылық дамуы тиіс, өйткені, шығармашылық табыстарға қол жеткізу – көп уақыт жұмсауды, еріктің күш-жігерін және зейінді шоғырлауды талап ететін еңбекті көп тілейтін жұмыс. Бағдарламаға сәйкес, балалар бақылау бойынша, есте сақтау бойынша және елестету бойынша жұмыс істеп, ұзақ және қысқа мерзімді тапсырмаларды орындай білу керек. Оқушылар меңгерілген білімдерді, көркем сурет машықтарын, мәнерлікке, стилизацияның қасақана тиімді тәсілдеріне жол бермей, сенімді, жарқын, бүтін көркем бейнені жеткізу үшін шығармашылық еңбектерінде пайдалану керек.

Бағдарламаға енгізілген, зерттеуге арналған тақырыптар білім мазмұнының өз алдына міндетті минимумын білдіреді, яғни, оқушылардың меңгеруі тиіс жайттарды. Оқушылардың міндетті минимумды меңгеруі оқыту деңгейлеріне сәйкес келетін күтілетін нәтижелерді беруі тиіс. Бірақ, білім нұсқалылығы қағидатына сәйкес, бағдарламаның мазмұны оқу мекемелерімен олардың ерекшелігіне

және тәжірибесіне сәйкес дифференциалануы мүмкін. Мысалы, қандай да болмасын тақырыпты зерттеу көлемі (сағаттармен) басқасын ұлғайтудың есебінен қысқартылуы мүмкін. Сәйкесінше – ұзақ тапсырма басқа тақырыпты анағұрлым терең зерттеу мақсатында қысқа мерзімдіге (форматының шамасы өзгереді) алмастырылуы мүмкін. Түрлі деңгейлі, дербес тұрғыдан қарау ұсынылатын практикалық тапсырмалардың күрделілігінің деңгейін анықтайды, оқушылардың шынайы контингентімен жұмыс істеу барысында оқушы меңгере алатын тұлғалық бағдарды ескере отырып, олар күрделендіру немесе жеңілдету жағына қарай түзетілуі мүмкін. Мұнымен қоса, оқушылардың бағдарламаның мазмұнын меңгеруі күтілетін нәтижелерге қолжеткізуді қарастырады.

Көркемөнер мектебінде оқитын, оқу-танымдық, практикалық және шығармашылық қызметтің алуан түрлі тәсілдерін меңгеріп жатқан оқушы өз бетінше шығармашылықпен айналысу керек: бейнелеу қызметі бойынша зерттеу тапсырмаларын орындайды, игерілетін білімдерді, машықтарды және өз бетінше алынған ақпаратты синтездей біледі. Бұл білімде оның тиімділігін анықтайтын құзыреттілік тұрғыдан қарау шарт. Оқушыларда басты құзыреттіліктерді қалыптастыру олардың өз бетінше дамуға және өз дегенін іске асыруға дайындығын айқындайды.

Натюрморт – бейнелеу сауатын зерттеудегі негізгі жанр

Болмыс суретін салу – бейнелеу өнерін үйренудегі айқындаушы әдіс болып табылады. Сол себепті балалар көркемөнер мектептеріндегі сабақтарда *натюрмортқа* көп көңіл бөлінеді. Ол бейнелеу сауатын зерттеудегі негізгі жанр болып табылады және қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Натюрмортпен жұмыс істеу ерекшелігі – оны кез келген жағдайда: ғимарат ішінде, далада, күн сәулесінде де жасанды сәуле де салуға болады. Тақырыптарды, көзқарастарды, жарықтандыру жағдайларын шексіз өзгертуге болады. Бұл алуан түрлі дамыту және оқу тапсырмаларын шешуге мүмкіндік береді. Оқу натюрмордының қатаң бағытталған мақсаты бар: қатысушылардың танымдық қызметін күшейтуге әсер ету.

Оқытушы оқу натюрмортын қойғанда ескеруі *тиіс педагогикалық қағидаттар* мыналар: көрнекілік, *ұғынықтылық*, дәйектілік, жүйелілік.

Көрнекілік – оқу пәні ретінде бейнелеу өнерінің айрықша ерекшеліктерінің бірі. Жады немесе қиял бойынша сурет салудан айырмашылығы оқу натюрморты оқушыларға кескінделетін объектіні бірден көруге, оны мұқият әрі жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Ал оқытушыдан натюрморттың сырттай тартымды болғаны талап етіледі. *Эмоционалды* қырының оқуда маңызы зор, суретке шығармашылық көзқарас туғызады. Қызықты әрі әдемі натюрморт

балалардың эстетикалық талғамын тәрбиелеуге септігін тигізіп қана қоймай, олардың есінде ұзақ қалады, суретке шабыттана түсіп, олардың көңілін бүтіндей жаулап алады. Іш пыстыратын және қызықсыз натюрморт тез шаршатады, оқушылардың жұмысты тезірек, қалай болса солай аяқтай салғысы келеді.

Ұғынықтылық деп тапсырманың күрделілігі шамасын айтамыз. Натюрморт балалардың әрбір жас тобының дене және ой қабілетін ескере отырып, құрылуы, оқушылардың мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс. Тым күрделі тапсырманы олар орындай алмайды, ал тым қарапайымы ешқандай пайдасын тигізбейді.

Натюрморттың қалпының негізіне оқудың *дәйектілігі* қағидаты қойылған. Осы қағидатқа сүйеніп, одан кейінгі әрбір оқу тапсырмасы алдыңғы тапсырмамен дайындалуы, өз кезегінде кезекті тапсырманы шешудің негізі болуы тиіс. Оқушылар пішіні күрделі әрі үйлесімі алуан заттардан құралған натюрморт суретін оңай салу үшін, оларды бұған дайындау қажет. Натюрморттардың мұндай түрлерін шешудің арқауы оқушыларға аса күрделі тапсырмаларды шешу үшін бейнелеу сауатының қажетті білім қоры мен дағдыларын жинақтауға мүмкіндік беретін жай заттай қалыптар болуы тиіс.

Қарапайымнан күрделіге қарай қағидатын басшылыққа алып, натюрморттарды мынадай кезектілікпен қойған жөн:

гипсті геометриялық денелерден жасалған қалыптар;

пішіні жағынан геометриялық денелерге жақын тұрмыс заттарынан жасалған натюрморттар;

пішіні, сарыны мен бітімі жағынан саналуан тұрмыс заттарынан жасалған натюрморттар;

интерьердегі натюрморттар.

Оқу натюрмортын қойған кезде ескерілетін тағы бір педагогикалық қағидат – бұл *жүйелелік*. Бұл процестің қандай да бір бірыңғай жүйеге бағынғаны ескеріледі және бір қағидалар, қағидаттар мен композициялық заңдар бойынша орындалады.

Натюрморттың қалпы. Натюрмортты жасау процесі оны іс жүзінде орындаудан көп бұрын басталады. Негізгі жұмыс болашақ қалыпты ойлап-шішу кезеңінде болады. Әуелі *оқу тапсырмасы* белгіленеді. Нақты оқу материалын оқып-үйренуге және белгілі бір кескіндемелік қабілет пен дағдыны меңгеруіне қарай әр натюрмортта өзінікі болады. Сонсоң *сюжет*, қандай да бір негізгі композициялық сызбасы таңдалады, яғни, натюрморттың белгілі бір бейнесі жасалады. Түпкі ой мен натюрморттың қандай болуы керектігі туралы нақты түсінік қалыптасқаннан кейін оның қалпына көшеді. Натюрморттың қалпы қойылған тапсырма мен сюжет ойына сай *заттарды іріктеуден* басталады. Натюрмортты тұрмыстық тұрғыда қымбат заттардан жасау міндетті емес. Сурет бойынша оқу қалыптарында жасанды гүлдерді,

хрустальдан жасалған ыдысты, көптеген сәнді элементтері бар заттарды пайдаланбаған жөн.

Түрлі ыдыстар (құмыралар, вазалары, саптыаяқ, түбектер, тегендер, қасықтар және т.т.); көне және қазіргі үй тұрмысындағы түрлі заттар (ұршықтар, керосин шамдар, қолшатырлар, жәшіктер және т.т.); саймандар; сапасы, бітімі, сарыны жағынан әртүрлі көптеген перделер; көкөністердің, жеміс-жидектердің мол түрі; мүмкін болған майда-шүйденің барлығы, мәселен, тығындар, арқанның үзіктері, кептірілген дәндер мен құрғақ гүлдер; бір қарағанда тіптен ерекше, жентектелген газет парағы, қағаз қапшық, ескі қорапша секілді заттар – мұның бәрі натюрморттың қалпына материал бола алады.

Заттардың мұндай кең таңдауы пропорцияларды және бір заттың пішінін екіншісімен салыстыру мүмкіндік береді, бұл бұйымның елеулі ерекшеліктерін бірінші кезекті ашуға көмектеседі.

Заттардың бітімінің де маңызы зор. Мөлдір шыны, оның қырларының ойыны, металлдың жарқылдауы, саз балшықтың бұдырлығы, перделердің жұмсақтағы және беттің басқа да қасиеттері көркем бейнені туғызуға көмектесе алады.

Бірақ натюрморттағы заттардың тақырыптық тұрғыда ұйымдастырылуы, *мағыналық мәні* болуы және өзіне белгілі бір идеяны алуы тиіс екенін міндетті түрде есте ұстау қажет. Тіптен қандай да бір тар оқу тапсырмасымен жасалған натюрморттарда заттар олардың мағыналық біртұтастығын ескеріп таңдалуы тиіс. Өзінің функционалдық мақсатына жат (мәселен, әсем фарфор ваза, сазбалшықтан жасалған түбек және балға) заттар жинақталған қалып ерсі көрінуі мүмкін. Заттар әлемі өте үлкен әрі саналуан. Натюрморттың тақырыбын кейде өзіңізді еліктірген қандай да бір зат айтып бере алады. Ол негізгі жүктемені көтереді, қалғандары соған қарап құралады. Оқу қалпының негізгі бөлігін құрай отырып, өлшемі мен сарыны бірдей заттарды бірге қоюға болмайды. Балаларға мұндай натюрмортты сәтті үйлестіру және оны тоны бойынша дұрыс шешу қиын болады. Сондай-ақ натюрмортта басыартық заттардың болмауы тиіс екенін есте сақтаған жөн, өйткені оларды шектен тыс үймелету композицияны күрделендіреді, оның мәнерін азайтады. Қажетті заттарды іріктей отырып, оларды *жазықтыққа әдемі әрі дұрыс орналастыру* қажет. Қалыпты құрайтын әрбір элемент қатаң белгілі бір орын алуы тиіс. Арт жағында, әдетте, ұсақ бөлшектермен бөлінбеген жай қысқа пішіні бар ірі заттар қойылады. Олар тереңге кететін алдыңғы жағына қатысты қабылданады. Артқы жағына қойылған заттардың сарыны мен бітіміне қарай әсіре белсенділігінен оқушылар (әсіресе, бастауыш сыныптағылар) қойылған тапсырманы орындай алмайды және оларды суретте «дұрыс әкете» алмайды, сонымен де

кеңістікті көрсетеді. Алдыңғы жағына өте ұсақ және аласа заттар қойылады.

Алдыңғы жағындағы ұсақ заттар көрерменді *композицияның ортасына* жетелейді. Композициялық орталықты кейінгі орынға шартты түрде орналастыра отырып, біз көзбе-көз кеңістікті тереңге қарай ысырамыз. Бұл натюрморттың қалған бөліктерін орталықпен жалғасудың түрлі мүмкіндіктерін пайдаланып, үйлестіруге мүмкіндік береді.

Кез келген жағдайда, натюрморт міндетті түрде мағыналық және сюжеттік жүктеме алуы тиіс. Композициялық орталық өзіне қалғандарын тарта отырып, қалған заттар үшін өзіндік камертон функциясы атқаратындай есеппен ойластырылады. Ол *жазықтықтағы күйіне, жарықтануына, пішіндерінің, сарынының, өлшемі мен бітімінің кереғарлығы* арқасында ерекшелене алады.

Композициялық орталық үшін орынды дұрыс таңдаған маңызды. Бірақ егер барлық натюрморттар біркелі композициялық сызалар бойынша және тек белгілі бір тәсілдерді пайдаланып, қойылса, олар біріне бірі ұқсас болар еді.

Оқытушыға натюрморттың әсіресе *тұтастығы* маңызды. Қалып одан тіптен ең аз, бір де бір затты алып тастауға, айырбастауға болмайтындай етіп, ойластырылуы тиіс. Бір топқа жинастырылған бұл заттар композициялық орталыққа, мағыналық және сюжеттік ойға бағындырылған бірыңғай үйлесімді композицияны құрауы тиіс.

Заттар шашылмауы, мәні бірдей бөлшектерге бөлінбеуі тиіс. Натюрмортты қалыптағанда *композициялық тепе-теңдікке* назар аудару қажет. Егер беті кескінделетін объектілермен біркелкі толтырылмаса, және олар қандай да бір шетіне ығыспаса, натюрморт бір бөлігінде шамадан тыс жүктелген және басқасында тым жеңіл қабылданатын болады. Мұндай қалып нашар ұйымдастырылған әрі табиғи емес көрінеді. Бұл ретте тек заттардың өздерін, олардың көлемін, сарынын ғана емес, олардың арасындағы аралықтарды, сондай-ақ қоршаған кеңістікті, яғни бүкіл көрермен «салмағын» ескеру қажет. Көлемін, яғни орталық арқылы өтетін вертикальді осьтің оң және сол жағын дұрыс бөлудің маңызы өте зор. Алайда, жазықтықты тігінен де, көлденеңінен де екі теңдей бөлікке бөлгеннен аулақ болған жөн. Әйтпесе ол дербес екі бөлікке бөлінеді.

Егер де натюрморттағы негізгі зат (немесе заттар тобы) қандай да бір тұсқа ығысатын болса, онда қарсы тұстан бос кеңістікті ұлғайту қажет. Оған кереғар аса ұсақ заттар (бірнеше) қойылады немесе перделердің белсенді қатпарлары орналастырылады. Бірақ ірі заттардың жанына өте ұсақтарын қоймаған жөн. Үлкендігі бойынша қандай да бір аралық заттар қажет.

Натюрморттың біркелкілігінле тек заттың көлемінің ғана емес, оның сарынының да маңызы бар. Кішкентай күңгірт объект үлкен, бірақ сарыны жағынан ашық объектіні теңестіре алады. Оқу қалпының сюжеті мен композициялық сызбасын ойластыра отырып, оқытушы оның *статикалық* немесе *серпінді* болуы мүмкін екенін есте ұстауы тиіс.

Статикалық композиция тура көлденең немесе аздап еңкіш сызықтармен түзіледі. Мұндай қалыптарда тыныштың әсері туғызылады. Статикалық қалыптар қандйа да бір геометриялық пішінге бағыну қағидаты бойынша ұйымдастырылады. Тыныштық күйі сондай-ақ симметриялық композицияларға да тәні. Мұндай натюрморттардағы бөліктер көлемі, сарыны, тіптен пішіні жағынан да теңестірілген. Оларда, әдетте, композициялық орталық геометриялық орталықпен дәл келеді, және бір бөлігі басқа бөлігіне айна-қатесіз дерлік ұқсас болады. Мұндай композициялық сызбалары бар натюрморттарды ұйымдастыру қиын, олар оқушыларға қызық емес. Статикалық қалыптар көбіне күрделі кеңістіктік есептер шешуді қажет етпейтін бастауын сыныптарда қойылады.

Оқушылардың қабылдауына аса қызықтысы әрі эмоционалдысы композициядағы анық байқалатын қозғалысы бар серпінді қалыптар болып есептеледі. Егер де натюрморттың композициялық сұлбасындағы сызықтар қалыптың тереңіне қарай ұмтылып, оның артынан көз тіксе, және суреттегі кеңістікті осылайша оңай беруге болады. егер қалыптағы бір немесе бірнеше диагональдық сызықтарды пайдаланса, натюрморттағы қозғалысты да беруге болады. Оған қоса, бұл заттар да, перделер де болуы мүмкін.

Біздің көзқарасымыз оқығанда әдетте солдан оңға қарай жылжиды. Натюрмортты қалыптағанда осыны да ескеруге болады. Оқытушы сауатты қойған оқу натюрморттарында көз бір заттан екіншісіне кездейсоқ секіріп кетпеуі тиіс. Егер де заттар мен перделердің қатпарларын шартты түрде тұйықталған сызықта болатындай етіп орналастырылса, көз оның жүрісін қайталап, онда бағытты түрде сырғанайтын болады. Бұл ретте біздің көз қарасымыз әрбір затты егжей-тегжейлі қарауға, сүйсінуге мүмкіндік беріп, оған еріксіз тоқтайтын болады. Оқу қалпын жасай отырып, перделерді іріктеуге үлкен көңіл бөлген жөн. Олар натюрморттың барлық қалған құрамдас бөліктерімен үйлесімді түрле ұштасуы тиіс. Перделер шартты фон, композициядағы жүріс бағыты ретінде қызмет етіп қана қоймай, сонымен бірге натюрморттағы заттарды бір-бірімен шартты түрді бірігуіне көмектеседі.

Қалыпты ойластыра жүріп, оқытушы *көзқарасын*, яғни натюрморттың жалпақтығы көкжиектің сызығынан жоғары немесе төмен орналасатынын анықтап алғаны жөн. Көбінесе, сол немесе басқа

көзқарас келешек натюрморттың композициялық сұлбасын белгілейді. Бір және сол қалып оған түрлі жағынан қарағанда әртүрлі қабылданады.

Оқытудың басында натюрморттың суретке заттардың табаны көрінетіндей көкжиектің сызықтары төмен салынуы қажет. Бұл натюрморттың суретін салу үшін ең көп таралған көзқарас. Егер де үстелдің көлденең жалпақтағы көрінбесе, яғни ол сурет салушының көру деңгейінде болмаса, онда заттың негізі бір сызыққа тұтасып кетеді. Бұл оқушылардың заттарды сызықты-конструктивті тұрғыда құруын және оларды жазықтыққа дұрыс орналастыруын қиындатады.

Балаларда қиялдың жақсы дамуы үшін олардың ракурс, перспективалар туралы түсінігін нығайтып, натюрморттың суретін түрлі жағынан салу қажет. Мәселен, натюрмортты тым төмен, биік емес тұғырға немесе мүлдем еденге қоюға болады.

Егер натюрмортты биік тұғырға немесе шкафқа қойғанда артыдағы заттар көрінбей қалады, ал алдыңғылары монументалдылық әсерін туғызады. Мұндай көзқарас кезінде мәселен, натюрмортқа пішіні мен биіктігі әртүрлі бөтелкелерден, шәйнектерден немесе бір қатарға қойылған басқа да ыдыстардан қараған қызықты.

Әрбір қалыпқа аса мәнерлі *жарықтандыруды* іздеу керек. Түрлі жарықтандыруда бір және сол натюрморт біркелкі қабылданбауы мүмкін. Таңдау қойылған мақсатқа байланысты болады. *Жоғарғы бүйірлік жарықтандыру* аса қолайлысы болып есептеледі. Тап осы жарықтандыруда заттардың көлемі жақсы оқылады. Жарық көзін орнатқанда одан натюрмортқа дейінгі арақашықтықты өте сәтті таңдаған жөн. Жарық көзін натураға жақындату жарық көлеңкесінің контрастыларын күшейтіп, рефлекстерді ағартады. Табиғи жарық көзінен (терезеден) жарықтандыру өте жұмсақ, ал жасанды жарықтандырудан (софиттен, шамнан) тым кереғар, тік болады. Заттардан жазықтыққа және бір-біріне түсетін көлеңкелерді де ескерген жөн. Олар натюрморттың бірыңғай сарынды шешіміне үйлесіммен кірігуі тиіс. Сондай-ақ көлеңкелер сурет салушыларға заттардың жазықтықтағы бір-біріне қатысты күйін дәлірек көрсетуге көмектеседі. Көлеңкелердің тыс тік әрі күңгірт дақтары қалыптың тұтастығын, композициялық тепе-теңдікті бұзуы мүмкін.

Натюрмортты *жарыққа қарсы*, мәселен терезенің алдындағы тақтайға да ккюға болады. Онда заттар силуэт түрінде көрінетін болады, оларды мұндай натюрмортқа іріктегенде әсіресе пішініне көңіл бөлген жөн.

Жарық алдынан (қақ маңдайдан) түскенде оқушыларға заттардың клемін анықтау қиынға соғады, сондықтан оқу қалыптарында жарықтандырудың мұндай түрін пайдаланбаған абзал.

Осылайша, оқу натюрмортының қалпы – шығармашылық процесс, және оқытушыға міндетті түрде өзінің ішкі түйсігіне, ішкі сезіміне, ең бастысы – көркем талғамына сенуі қажет. Әрбір педагог үшін оқытудың, таңдамалы сауат заңдарының педагогикалық қағидағтарын және композиция негіздерін білудің маңызды екені даусыз.

«Графика» пәнінің оқыту әдістемесі. Әртүрлі графикалық материалдармен жұмыстың техникалық тәсілдері

Гравюра (линогравюра) – баспа сурет өнерінің (графикасының) негізгі түрі және балалардың көркемөнер мектептеріндегі ең басты пәндердің бірі.

Гравюрамен шұғылдану, басқа да көркемөнер түрі сияқты, өнерді түсінуге қажетті көркемдік талғамды, елестеуді, эстетикалық сезімді дамытады; қоршаған ортаны тануға және жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасуға ықпалын тигізеді, бұл өз кезегінде өсіп келе жатқан буынды оқытудың маңызды мақсаты болып табылады. Гравюра оқушылардың жазықтықтағы реалистік және стилистік бейненің принциптерін дамытады, көзқарасының кеңдігіне дағдылайды, табиғатты сан қырынан қабылдауды, жақсы салуды, сурет бейнелерін әртүрлі тұтастыру, ақ пен қара түстері қатынасының байлығын оның сарқылмастығын пайдалана білуді үйретеді.

«Графика» курсының негізгі мақсаты бейнелеу өнерінің мүмкіндіктері мен әртүрлі графикалық техникалар – линографюра, офорт, монотипия, ксилография, картондағы гравюра және т.б. Жұмыс үшін материалды таңдау көркемөнер мектептерінің нақты мүмкіндіктерімен анықталады. Гравюра - күрделі техника. Ол суретке оқушылардың белгілі бір дайындығын, сызықты, қағысты (штрихті) сенімді меңгергендігін талап етеді. Осыны есепке ала отырып, балалар көркемөнер мектебінде гравюраны үйретуді 3 сыныпта бастаған жөн, бұл кезде оқушылардың сурет пен композиция шеңберінде белгілі бір білім мен дағды қоры болады.

Тапсырмалардың жүйелілігі тапсырманың біртіндеп күрделену тәртібімен не басқа да графикалық техника (кесу, ине және т.б.меңгеру) жұмысына қажетті қабілеттерді меңгеру дәрежесін есепке ала отырып орналасуы қажет. Балалар көркемөнер мектебінде ең қолайлы графикалық техника линогравюра, картондағы гравюра, монотипия болып табылады. Гравюра сезім ырғағының дамуына мүмкіндік туғызады, жұмысты жүйелі және саналы жүргізуге үйретеді.

Пәннің ең бір маңызды міндеті – оқушылар жұмысында сызық, дақ, сұлба, фактураны айқын пайдалануды үйрету. Графиканың бейнелеу тілінің шарттылығы оқушыларды басты, сипатты таңдау жолы бойынша баруға, қажетті нысанды жинақтауға, бейнені ықшамды және айқын шешуге мәжбүрлейді.

Пән бойынша мұғалім сабақ беретін барлық жұмыс бойынша оқушыларға табиғатты, өмірді, оқиғаларды оның тұлға ретінде адамгершілік тәрбиесі тұрғысынан өткізу арқылы сезімтал шығармашылық қабылдауын тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Гравюрамен шұғылдану пәнінің мазмұнында реалистік өнердің принциптерін толығырақ ашу қажет. Бұрынғының көркем мұра шығармашылығын талдауда және өнердің мықты үлгілерінің негізінде, сондай-ақ, ұлттық өнер үлгілері, оқушылар қазіргі таңдағы тынысқа сәйкес келетін жұмыстар жасау қажет.

Оқушыларды бейнелеу өнерінің жанры – графикамен (соның ішінде гравюра) таныстыру кезінде оқушылар шығармашылық суреттің ең басты мақсаты көркем образды табиғат және оның типтілігін анықтай отырып жасау болып табылатындығын түсіну қажет.

Әр шығармашылық жұмыста оқушылар, қоршаған ортаны ұзақ уақыт бойы зерттеу нәтижесінде таңдайтын, өздерінің суретші ұстанымын білдіру қажет. Оқу үдерісінде ол бақылаудағы нысандарды салыстырады және олардың ерекше өзгешеліктерін анықтайды. Барлық қызықтырған заттарды оқушы сурет етіп салуы және есте сақтауы қажет, себебі дәл осы материал соңында өзіндік ерекше және көркемдік тиянақты композициялар жасауға септігін тигізеді. Осыған көмектесу үшін, оқытушы біртіндеп жоспарлы түрде оқушыларды кез келген уақытта және кез келген жерде сурет салу және өмірлік құбылыстарды бақылау қажет деген түсінікке тоқтатуы керек. Жұмыстың сапалы түрде орындалуына қазіргі замандағы оқытудың техникалық құралдары: интернет, диафильмдер, диапозитивтер, кино, шеберлердің жұмыстар көшірмелері, әртүрлі көрнекілік материалдар, көркем сурет және басқа мектептер оқушыларының ең жақсы жұмыстары ықпал етеді.

Көркемөнер мектебінде «ГРАФИКА» пәні – оқушы өзінің сурет өнеріндегі білімін баспа графикасы – линолеумдегі гравюра арқылы тереңдете алатын пән. Суретпен шұғылдану «графика» пәні арқылы қоршаған шындықтың құбылыстарын эстетикалық қабылдау тәрбиесіне үлкен септігін тигізеді. Балалар шығармашылық ойлауды шыңдау, бақылау, талдау, еске сақтау икемділігіне негізделген, өздерінің көру арқылы қабылдауын дамытады. Еріктік сапалар, шығармашылық қабілеттілігін тәрбиелейді, көркемөнер тілінің ерекшеліктерімен танысады. Форма, қозғалыс, пропорция көркемділігін көруге үйренеді.

«Гравюра» техникасында тапсырмаларды орындаудың мақсаты – өнерді, оның мәні мен тілін түсінуді үйрету; дербес шығармашылық жұмысы үшін білім беру және машықтандыру, ол әртүрлі графикалық құралдарды пайдаланады.

Пән бойынша педагог жүргізетін барлық жұмыстар ізгілікке, патриотизмге толы, өз елінің және басқа халықтардың мәдениет құндылықтарын түсінуге толы болуы қажет.

«Графика» пәнімен танысу III курста және оқушылардың графикалық өнердің негізгі түрлері бойынша білімін бекітуден басталады: станоктық графика, кітап графикасы, плакат, экслибрис, қолданбалы графика. Баспа графикасының негізгі түрлері – тұрпайы сурет және эстамп бойынша толығырақ ақпарат беріледі. Оқушылар баспа графикасының негізгі тәсілдері және олардың ерекшеліктерімен танысады.

Тәжірибелік жұмыстарға кірісе отырып оқушылар тушь-перо техникасында линогравюраны қабылдай және жасай отырып, жұмыс машығына үйренеді. Ұсынылып отырған гравюраның контрастылығын, образ көлемін немесе композиция бұйымын ескере отырып, суретті парақ бетіне тұтастырады. Айқын үндестілікте сарын пластикасын, конструкциясын және пропорциясын береді.

Әртүрлі эскиздердің негізінде оқушы композиция нұсқасының ең қызықты және түсініктісін гравюра техникасында жасау үшін бекітеді. Материалда жұмыс жасауды бастамас бұрын балалар оймалау үшін арналған материалдың (линолеумның) ең маңызды сипаттамаларымен танысуы қажет, бұл жұмыс соңында сапалы оймалауды қамтамасыз етуі мүмкін. Оқытушы берілген оймалауға келетін линолеумға қойылатын талаптарды (қалыңдығы, фактурасы, иілгіштігі, тығыздығы) айтып беруі қажет және пайдалануға жарайтын линолеум түрлерін көрсетуі қажет. Әрі қарай балалар оймалау үдерісіне дайындай отырып, линолеумді өңдеуді үйренеді. Бұл үшін әртүрлі көлемдегі егеуқұм қағаздың түрлері - №2, №1, №0 қажет. Линолеумді дөрекі өңдегеннен кейін балалар №0 егеуқұм қағазбен жұмыс жасауға ыңғайланады. Әзірленген линолеум кескініне оймалау суретінің сол бейнесі түсіріледі (көшірме қағаз немесе эскиздің торлары арқылы). Нақтылық үшін суретті тушьпен айқындайды. Оймалау жұмысы алдында оқушылар оймалау жұмысы барысындағы қауіпсіздік техникасы бойынша дәріс тыңдайды, кесу құралын – кескішті қауіпсіз қолдануға үйренеді. Тек пысықтау жаттығуларынан кейін ғана оймалау жұмысына кіріседі.

Жұмыс барысында оқушы кескішпен оймалау тәсілдерін меңгереді, мұғалім бақылауымен баспа станогында сынамалы және негізгі бедерлемелерін алады.

Графика суретшінің негізгі сауатының негізі болып табылады. Өнердің бұл түріне көптеген сан алуан техникалар кіреді: қарындаштармен, әртүрлі жұмсақ материалдармен, тушьпен сурет салу.

Мектеп оқушыларының біліміндегі сулы-желімді графикалық материалдар. Тушь (нем. tusche, франц. touche от toucher – касаться) – кара немесе түсті сулы бояу, күйеден және желімді заттардың құрғақ (плита түрінде) немесе сұйық қалпында дайындалады. Әсіресе қытай туші белгілі, сумен араласқанда терең, қанық түс пен кең градация шкаласын береді. Тушпен жұмыс істеу мүмкіндіктері көп: қаламұшпен, қылқаламмен, таяқшамен, сіріңкемен жұмыс. Қаламұштың көлеміне байланысты сызықтың қалыңдығын өзгертуге болады. Қарындашпен жұмыс істеген сияқты тушпен жұмыс істегенде де көптеген сан алуан фактура құруға болады. Бұл графикалық материалмен жұмыс істегенде сызықты жеңіл өзгертетін қаламұштың ерекше сезімталдығы қиындық туғызады. Осы бір кемшілік ерекше тәсілге айналады. Тушпен салынған заттың нобайы өте айқын, себебі гелді қаламмен сызылған сызықтан гөрі тушқа малынған қаламұшпен сызылған сызық ешқашан алуан-түрлі болмайды. Қаламұш жіңішке сызады және егжей-тегжейін анық етіп салады. Онымен жұмыс істеуге қаламұштың көптеген түрі бар: өлшемдері әртүрлі қаламұштар, олардың түрлері де

әртүрлі: құс қауырсыны, құрақты, металды. Әрбір қаламұштың өз ерекшелігі бар: металды, қазіргі заманғы қаламұш, құс қауырсынына қарағанда, тегіс және жіңішке сызық сызады; құрақты қаламұш энергетикалық қағыс береді. Бұдан басқа, бір құралмен оны жан-жағына айналдыра отыра, әртүрлі қалыңдықтағы сызықтар сызуға болады. Тушты қылқаламмен, сондай-ақ қаламұшпен жұмыс істеу үшін әртүрлі мөлшердегі сумен араластыруға болады, нәтижесінде сызықтар мен дақтар әртүрлі рең береді. Қылқаламмен жұмыс екі түрлі тәсілмен жүзеге асырылады. Бірінші тәсіл – қылқаламмен жұмыс істегенде, сұйық тушь қолданылады және қағазға қылқаламмен жағылады. Екінші тәсілі, осы графикалық техникада құрғақ қылқалам қолданылады. Құрғақ қылқалам – қатты (қылды) қылқаламмен құрғақ бояуға қатысты аз көлемді жұмыс техникасы. Бұл әдіс үндес градацияны жұқалап тегістейді.

Тушпен жұмыстың тағы бір қызық техникасы бар, ол «гаттаж» деп аталады. Граттаж (от фр. gratter – тарау, тырнау) – тушь құйылған қағазды немесе картонды қаламұшпен не үшкір құралмен тырналау жолымен суретті орындау. Граттаж техникасымен орындалған туынды суреттің ақ сызығы мен кара өңі қарама-қарсы түстерімен ерекшеленеді және ксилография мен линографияға ұқсайды. Тушпен жұмыс жас суретшіні тәртіпке үйретеді. Ол басынан бастап іске мұқият қарауға, барлық сызықтарды ойланып, есеппен кескіндеуге үйретеді, себебі сәл ғана ауытқулық пішіннің өзгеруіне, дақ түсіруге әкеліп соғады. Н.Н.

Ростовцевтің «Сурет сабақтарында шығармашылық қабілеттерін дамыту» оқу құралында қаламұш басқа нәрсені ойлауға, назарын басқаға бұруға мүмкіндік бермейді, қолдары жеңіл қимылдауға үйренеді, шеберлік пен витруоздық қалыптасады.

Оқушылар шығармашылығындағы жұмсақ материалдар. Ретушь (франц. retouche – түзету, тазарту от лат. retare – тазалау) – түзету, тазалау, суретті нақтылау; осыдан арнайы көмір қарындашының атауы пайда болды, ол күңгірт түс пен шебер ауысуларды жасауға икемді. Сангина (франц. sanguine от лат. sanguis – қан) – жұмсақ және жуан қарындаш, күңгірт қызыл-қоңыр рең береді, сазбен байланыстыратын заттардан дайындалады. Басқа атауы – қызыл бор. Қара және ақ бор үйлесімінде сангинамен сурет салу техникасы, ХҮІІІ ғ. ортасында өріс алған, «үш қарындаш техникасы» деп аталады. (с. 194).

Көмір (көне орыс. уголь от др. прусск. anglis, др. инд. angaras, туыс. agnis – от) – күйік шалған ағаш; ағаш көмірі, содан соң престелген көмір сурет салу материалы ретінде қолданылады. Жұмсақтыққа, созылымдылыққа ие, күңгірт қара өң береді. (с. 224).

Соус (франц. sauce – соус, тұздық от лат. salsus – тұздалған жарма) – престелген қара бояғыштан желіммен жуан қарындаш түрінде сурет салатын материал; терең, бұлыңғыр қара өң береді (кейде сұр немесе сұр-қоңыр). Қағазға штрих немесе сумен қылқалам арқылы жағылады. (С. 203).

